

**Қалаубек Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясы
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2024 -2025 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**



Мектеп-гимназия директоры:
С.М.Каримов
29.08.2024 ж.

29.08.2024 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімі бойынша бекітілді.

Мектеп- гимназия ұжымының шығармашылық тақырыбы:

**«Жаңа кезеңге сай оқу мен тәрбие сапасын жетілдірудің негізі –
жеке тұлғаны дамыту»**

Толқу жаты
2024-2025 оқу жылы

I. Жалпы мәліметтер

Мекеменің толық аты: Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясы коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

1. Ашылған жылы: 1973 жыл
2. Мектеп 960 орынға арналған
3. Мектеп әкімшілігі:

Мектеп-гимназия директоры: Каримов Смадияр Махмудович

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары: Шерова Гүлнар Жақсылыққызы
Нұрмағамбетова Ұмсынай

Бегленов Абдрахман

Директордың бейіндік іс жөніндегі орынбасары: Тулеева Айзада Төрегелдіқызы

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Жантасов Жандос Қамбарұлы
Досалиева Ұлдана Бағысбайқызы

Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары: Орынбаев Ербол Сайлауұлы

Мектептің әлеуметтік педагогтары: Даулетова Айнұр

Бектаева Зарипа

Мектептің психологы:

Азимбаева Сабира

Мектептің қосымша білім беру педагогтары: Жабаева Ләззат Ережепқызы
Демеуова Гаухар Кумисбекқызы

Мектептің педагог-ұйымдастырушысы: Себеков Ғалымжан

Мектептің кітапхана меңгерушісі: Калекова Назира

Мектептің әскери-жетекшісі: Үшкемпіров Талгат

Тәлімгер:

Мекеменің мекен-жайы: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы Қазығұрт е.м Абдалиев көшесі №76

Тел: 2-11-95

Мазмұны:

1. Мектептің 2023-2024 оқу жылындағы жұмысына талдау.
2. Жаңа оқу жылының мақсат, міндеттері
3. Лауазымдық міндеттер.
4. Жалпыға бірдей білім беруді жүзеге асыру.
5. Педагог кадрлармен жұмыс:
 - а) мұғалімдердің біліктілігін арттыру.
 - ә) аттестация
 - б) озық тәжірибені жинақтау, тарату
 - в) жас мамандармен жұмыс
6. Мектептің әдістемелік қызметін ұйымдастыру, мектепшілік бақылау мен басшылық
7. Педагогикалық кеңес
8. Директор жанындағы кеңес
9. Әдістемелік кеңес
10. Тәрбие жұмысының жоспары
11. Мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметінің жоспары
12. Мектептің материалдық техникалық базасын нығайту.

Мазмұны: Мектептің жылдық оқу-тәрбие жұмысын талдай келе, төмендегідей проблемалар анықталды:

- Оқушылардың білім, білік, дағды сапасының талапқа сай еместігі;
- Оқыту барысында ішінара мұғалімдердің бұрынғы, дәстүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы;
- Балалардың денсаулық көрсеткіштерінің қанағаттанарлықсыздау болуы;
- Балалар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастырдың үйлесімділікте болмауы, ара-қатынастың алыстауы;
- Бала үшін өз бетінше өмір сүруге бейімделу мүмкіндігінің аздығы;

Оқу-тәрбие үрдісін жақсарту шарттары :

- Баланың жеке болмысын қолдау негізінде жаңа сапалы, тұлғаға бағытталған білім беруді жүзеге асыру;
- Баланың коммуникативтік, танымдық белсенділігін арттыру мақсатында рухани ортаны құру үшін жағдай жасау;
- Қосымша білім беру мүмкіндіктерін белсенді түрде оқу процесіне ендіру (үйірмелер, секциялар, студиялар).
- Білім сапасын арттыру бойынша әдістемелік қызметті жетілдіру;
- Білім беру жүйесін нәтижеге бағыттау, оқушы құзыреттілігін дамыту;
- Жаңа білім беру технологияларын ендіру;
- Мұғалімдердің кәсіптік деңгейін көтеру;
- Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жетілдіруді ұйымдастыру;
- Оқушылар бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Мектеп-гимназияның 2023-2024 оқу жылындағы жұмысына талдау

Қазіргі мектеп қабырғасында дамып жетілген жас ұрпақ, ертегі ел болашағын жасаушы қайраткер. Сондықтан бала бойында өзі жайлы сыр берген жақсы нышанды одан әрі дамытып, жаман нышанды дер кезінде тоқтата білейік. Ізденістегі нәтиже кепіл – ұстаз бен шәкірт арасындағы үндестік пен үйлесім. Ұстаз шәкіртті өмірдегі тұлға және өз сабағының негізгі кейіпкері ретінде, ал шәкірт ұстазынан таным – білік кілтін ала білетін білімімен парасаты биік өреліжан ретінде танығанда ғана үйлесімді өрім танылары рас.

Мектептің материалдық – техникалық базасын нығайту мақсатында «Жаңартылған білім беру мазмұны бағытындағы оқытуда» ақпараттық – техникалық құралдарды пайдалану мақсатында, жетістіктерді оқыту үрдісінде қолдану мақсатында «Робототехника» құрылғысы, оқушыларды таза сумен қамтамасыз ету мақсатында диспенсерлер және бастауыш сынып оқушыларына арналған жекелеген шкафтар берілді.

Мектебімізде жаңартылған білім мазмұны бойынша курстан 66 мұғалім өтіп, кәсіби білімін жетілдіріп, әріптестеріне қолдау көрсетуде. Мұғалімді дамытуға бағытталған деңгейлік бағдарламаны мектебімізде 16 мұғалім оқып, бірінші ілгері деңгейді 6 мұғалім, негізгі деңгейді 1 мұғалім, базалық деңгейді 9 мұғалім курстан кейін өз ұжымында әріптестеріне қолдау көрсету мақсатында оқу топтарын ұйымдастырып, коучингтар өтті. «Оқу үшін бағалау, оқыту үшін бағалаудың тиімділігі», «ОМЖ мен ҚМЖ жасаудың тиімділіктері», «Бағалау стратегиясын Lesson Study тәсілінде қолдану», «Сабақ үрдісіндегі критериалды бағалау», «Критериалды бағалаудың тиімділігі» «Талантты және дарынды балаларды оқытуда критериалды бағалау», «Қалай оқу керектігін үйренудің мәні», «Оқу үшін бағалау оқыту үшін бағалау», «Оқыту жетістігін бағалауда блум тактикасын пайдалану», «Қалыптастырушы бағалаудағы кері байланыс». НЗМмен мұғалімдердің іс тәжірибесін бөлісу мақсатында бірлесіп жұмыс жасауда бірнеше семинарлар өткізілді. «Дарынды ұстаз алысқа биік самғаған, дарынды шәкірт ұстаздың жолын жалғаған» тақырыбындағы семинарға бірнеше мұғалім қатысып, өз

тәжірибелерімен бөлісті. Мұғалімдер арасында, мектептер арасында желілік қауымдастық жұмысы жүйелі түрде жолға қойылған. Аудандық, аймақтық семинар кеңестер өтіліп отырады. Биылғы оқу жылында да осы үрдіс жалғасын тауып келеді. Атап айтатын болсақ «Белсенді оқыту - белсенділікке жетелейді» тақырыбындағы семинар АББ тарапынан жоғары деңгейде өтті деп бағаланды.

Биылғы оқу жылында мектебіміздің ұстаздары Республикалық, облыстық, аудандық түрлі сайыстар, байқаулар және олимпиадаларға қатысып жүлделі орындар алды. ҚИО Қазақстан Интернет олимпиадасының әр кезеңіне пән мұғалімдері қатысып, өз білімдерін сынауда жүлделі орын алған мұғалімдер математика пәні бойынша мұғалімдерге арналған Республикалық қашықтық олимпиадасының жеңімпаздары Оспанова Жанар, Смайлова Гүлімхан I орын, ал Манахаева Назира, Қарабаева Құндыз, Темешова Динара II орын. Бірнеше мұғалімдер «Ғылыми ізденіс», «Педагогикалық шеберлік» Республикалық ғылыми әдістемелік журнал және облыстық «Ұстаз жаршысы» газет беттеріне үлгілі сабақтар мен мақалаларды жариялады.

Мұғалімнің әрбір өтілетін сабағы қазіргі оқыту талаптарымен сай болып келуі қажет. Бұл айтылған талаптармен бірге мұғалімнің күнделікті өтілетін әрбір сабағы ғылыми түрде негізденіп, оның тәлім-тәрбиелік мәні жан-жақты ашылуы тиіс. Осы талаптар орынды болғанда ғана оқушыда шығармашылық қабілет дами түсіп, оқушының оқуға, білімге деген құштарлығы дамып отырады. Оқушы құлшынысын ұдайы дамытып әрбір өтетін сабағын жаңаша ұйымдастыра біліп, оқытудың озық әдіс тәсілдерін қолдана білгенде ғана оқушыларының шығармашылық қабілеттері дами түседі. Пән мұғалімдері бұл айтылған талаптарды іске асыруы, өздері ізденімпаз болулары шарт.

Экологиялық проблемаларға қызығушылық танытатын, зерттеу қабілеті жоғары оқушыларды анықтау мақсатында 5-8 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылған «Pro Eco» экологиялық жобалар конкурсы Әділхан Ә 6-сынып, Роботтехникасы бойынша облыстық «His Inter Race» ойындар конкурсы жеңімпазы III орын Данияр Дастан 8-сынып, «Оқуға құштар ұлт» жобасы аясында өткізілген «Каникулда кітап оқимыз» атты марафоны Бас жүлде Данияр Досжан 3-сынып, I орын Толыбай Аяла 3-сынып, II орын Абдихалық Аяулым 3-сынып, Республикалық «PROGRESS» зияткерлік – интеллектуалды орталығы ұйымдастырған «Қысқы ертегі-2022» сурет, фотосуреттер, қол өнер және ашықхаттар байқауы бойынша 3-сынып оқушысы Толыбай Аяла I орын, 3-сынып оқушысы Мұратбек Кәусар I орын, 3-сынып оқушысы Абдихалық Аяулым I орын, 3-сынып оқушысы Жұмабек Інжу II орын, 3-сынып оқушысы Қалдарбек Сезім II орын, 3-сынып оқушысы Серікбай Диана, 3-сынып оқушысы Тулагани Аружан I орын, 3-сынып оқушысы Пазылбек Полатхан Юрын, Тұрсынқұл Айнұр I орын, 3-сынып оқушысы Айтқұл Балауса I орын, 3-сынып оқушысы Қуанышбай Нұрғиса I орын, 3-сынып оқушысы Тұрдыбек Нұржан I орын, 3-сынып оқушысы Сейдуали Али I орын, «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткен 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде 5-сынып оқушысы Пернебай Алинұрбақыт III орын, аудандық кезеңнен 6-сынып оқушысы Сайлаубай Кәусар III орын, 6-сынып оқушысы Пернебай Балауса мадақтама алды. Облыстық 2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жұмыстар конкурсынан 5-сынып оқушысы Амангелді Жания мен 6-сынып оқушысы Мейірқұл Аяулым мадақтама иеленді. Халықарлық «Русский медвежонок- языкознание для всех» конкурсынан 6-сынып оқушысы Пернехан Аксезим I орын, 6-сынып оқушысы Улмас Ақниет I орын, 7-сынып оқушысы I орын алды. Облыстық 11-сынып оқушылары арасында өткен «Алтын түлек» олимпиадасында 11-сынып оқушысы Түймебаев Жұмахан II орын, 11-сынып оқушысы Жамалов Нұрсұлтан II орын иеленді. Облыстық эссе жазу байқауында 10-сынып оқушысы Оразалы Сымбат III орын, математика пәнінен 11-сынып оқушыларының арасында ОҚМПУ-85 жылдығынан орай осы ЖОО түлегі математик Нұрғали Исабаев атындағы аудандық олимпиадаға Түймебаев Жұмахан қатысып, жүлделі III орын иеленді. Аудандық

Бастауып сынып оқушыларының математикалық логикалық есептер олимпиадасында 2-сынып оқушысы Абиғазы Айсұлтан Бас жүлде, «Ұлы дала баласы» бастауыш сыныптарға арналған олимпиадасынан 3-сынып оқушылары Абжал Ернұр, Кемелбек Нұрбақыт, Түймебай Жасұлан, Мұратбек Каусар, Данияр Досжан, Тойлыбай Аяла, Оспан Мұхамедияр, Орынбасар Н, Жарылқасым Айжарқын, Республикалық «Жас тарихшы» олимпиадасының жеңімпаздары 6-сынып оқушысы Серікбаев Бекболат II орын, 6-сынып оқушысы Дүйсенбай Нұршат III орын, Исмаилов Ализат III орын, «ALTYN QURAN-ерекше дарын иесі» облыстық зияткерлік байқауында Махмуд Нұрсұлтан 6 сынып оқушысы III орын, Сапарбекова Акерке 9 сынып оқушысы II орын, Қалмурзаев Қанат 9 сынып оқушысы II орын, Мустафа А 4 сынып оқушысы III орын, Қалдыбай Б 6 сынып оқушысы III орын, Есан Н 3 сынып оқушысы III орын, Жиенбай Н 3 сынып оқушысы III орын, «Ұлы дала баласы» бастауыш сыныптарға арналған олимпиадада Сайдрасыл Инабат 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, Абжал Ернұр 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, Кемелбек Нұрбақыт 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, Түймебай Жасұлан 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, Мұратбек Кәусар 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, Данияр Досжан 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, Тойлыбай Аяла 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, Тулаған Аружан 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, Оспан М 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, Мұхамедияр М 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, Орынбасар Н 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, Жарылқасым А 3 сынып оқушысы I Дәрежелі Диплом, КИО Қазақстан интернет олимпиадасы Рахимов Алихан 6 сынып I орын, Алимова Индира 6 сынып I орын, Амирсейт Нұрай 6 сынып мадақтама, Біләл Мейір 6 сынып I орын, Абдижамал Айлана 6 сынып I орын, Пернебай Балауса 6 сынып 3 орын, «Оқуға құлтар ұлт» жобасы аясында өткізілген «Каникулда кітап оқимыз» атты марафоны Данияр Досжан 3 сынып бас жүлде, Тойлыбай Аяла 3 сынып I орын, Мұратбек Кәусар 3 сынып 3 орын, Абдиқалық Аяулым 3 сынып 2 орын.

2022-2023 оқу жылында 11 сыныпта 87 оқушы білім алды. 3 оқушы «Алтын белгі» иегері және 1 оқушы «Үздік аттестат» иегері атанды. Ұлттық бірінғай тестілеуге 84 оқушы өтініш беріп, тапсырды. 49 (58%) түлек мемлекеттік грант иегерлері атанды.

Қосымша білім беру саласында дебат, пікірсайыс клубтары және театр, колөнер үйірмелері жұмыс жасалды.

"UstazCupI" мектепшілік дебат турнирі, «Интернеттегі ақпараттар адам баласына пайдалы әлде зиянба?» тақырыбындағы «Айбын» пікірсайыс клубының мектепшілік дебат турнирі 7 сыныптар, «Мен өз елімнің азаматымын!» тақырыбындағы Республика күніне орай өткізілген мектепшілік пікірсайыс турнирі, "Тәуелсіздік, биік болсын тұтқырың!" мектепшілік дебат турнирі, «Булинг және кибербуллинг» тақырыбындағы пікірсайыс турнирлері өткізілді. 2-4 сыныптар аралығындағы "В гостях у сказки" театр үйірмесінің "Теремок на новый лад" ертегі қойылымы үйірме жетекшілері Г.Исакулова, Л.Айдарова, 5-7 сыныптар аралығындағы "Театральная сказка" үйірмесінің "Репка", «Красная шапочка» ертегі қойылымы ұйымдастырылып өткізілді. Жетекшісі Караманова Н.

«1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне орай «Сыңғырла, сырлы қонырау» іс-шарасы өтілді. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндердің мерекелік композициялары тамашаланып, мектеп басшысы және аудан әкімдігінен келген қонақтардың жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау тілектері тыңдалды. Алғашқы қонырау соғылды. 1-11 сыныптар арасында өтілген «Терең білім, еңбекқорлық және Отаншылдық қасиет» атты алғашқы сынып сағаттары өткізілді. Ондағы мақсат оқушыларды адалдыққа, парасаттылыққа, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

«Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты онкүндік. Мақсаты: рухани жаңғыру бағдарламасы аясында тіл байлық, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының нағыз белгісі екендігін оқушылар санасына сіңіру, өз тілін құрметтеуге ана тілін қадірлеуге сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

«Тіл - ұлттың белгісі, халықтың мұрасы» сынып сағаттары, «Тіл – халықтың жаны» қабырға газеттері, «Ана тілім – құдіретім, қазақ тілім – ұлттық тіл» тақырыптарында эссе байқаулары өтілді.

«Отбасы – рухани жаңғыру негізі» ұранымен өтілген «Отбасы бақыт мекені» апталығы өткізілді. «Берік отбасы – адамның сенімді тірегі», «Ата-ананы құрметтеу әрбір адамның қасиетті борышы» атты сынып сағаттары, қабырға газеттері, «Отбасы – өмірдің мәні» кітапханашыларымен іс-шаралары өтілді. «Ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, тәрбиеден» атты қамқоршылық кеңесінің қатысуымен мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстармен таныстырылды. Салауатты өмір салтын ұстану, білім алушыларды спортқа тарту мақсатында «Денсаулық сандарына жет!» ұранымен өтілген онкүндік барысында «Өз денсаулығына зиян келтірме», «Денсаулық» фестивалі т.б. іс-шаралар өтілді. «Көп жасаған қария, ақилы теңіз дария» атты «1 қазан – Қарттар күні» мерекесіне орай өтілген іс-шара. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» атты ашық тәрбие сағаттары, «Қарттарым, аман-сау жүрші!» жалғызділікті ауданның қарияларына қамқорлық жасау акциясы ұйымдастырылды. «Қарттарға құрмет!» аудандық «Ардагерлер алқасы» ұйымымен кездесу кеші. «Ұлағатты ұстаздардан ұлылық...» ардагер ұстаздармен кездесу кеші ұйымдастырылды. Ондағы мақсат: оқушылардың қарияларды құрметтеу, сыйлау, оларға қамқорлық көрсету т.б. адамгершілік қасиеттерін арттыру. Мейірімді болуға тәрбиелеу. «Ұстаз деген-жарық күні ғаламның» атты ұстаздар күніне арналған іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Мектебіміздің ардагер ұстаздарын іс-шараға шақырып концерттік бағдарлама дайындалды. Келген құрметті ұстаздар құттықталып, сый-құрмет көрсетілді.

Республика күніне орай 25 қазан «Қыран елім-Қазақстаным» атты онкүндік іс-шарасы жасалып өткізілді. Мақсаты: Республика күнін мереке күнін сезініп, қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу, туған халқының тілін, мәдениетін салт дәстүрін қастерлеуге, тарихын білуге тәрбиелеу.

Бесінші сынып ата-аналарымен «Мектеп, оқушы, ата-ана: ынтымақтастық қырлары» атты ашық есік күні ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту, оқушылардың орта буынға бейімделу проблемаларын ата-аналарымен бірігіп отырып шешу жолдарын қарастыру. «Аяулы күз, алтын күз!» күзгі балл мерекесі 5-10 сыныптар арасында өтті. Күзгі балда оқушылар 5 кезең бойынша сайысып, өз өнерлерімен бөлісті. Сайыс соңында арнайы мақтау қағаздарымен марапатталды. «Күздің берекесі» атты барлық сыныптарда күздік жәрмеңке ұйымдастырылды. Көмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, анықтау, болдырмау мақсатында аудандық білім бөлімінің әдіскері Б.Орынбаев және ауыл әкімінің орынбасары Б.Асқаров, аудандық орталық аурухананың акушер-гинеколог мамандарымен бірлесіп өткізілген профилактикалық кездесу ұйымдастырылды. «Бала құжың-адам құжығы» атты дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған онкүндік ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шара барысында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты әлеуметтік педагоктармен оқушылар арасында жұмыстар жүргізілді. «Бала дауысы» ән байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Жөнімпаз оқушыларымыз марапатталды. Бала құжығын қорғау туралы 7а, 9а, 5а сыныптарында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. аралығында «16 күн зорлық-зомбылықсыз» атты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-шара ұйымдастырылды. Педагог-психологтар «Бақытты балалық шақ» атты тренинг сабақтар мен барлық сынып оқушыларынан өмірде кімнен зорлық-зомбылық көресін? Атты сауалнамалар алынып нәтижесінде жұмыстар жасалды. «Жол ережесін білу – бәріне міндет!», «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» бастауыш сыныптар арасында жол қауіпсіздігі ережесін сақтау мақсатында ашық тәрбие сағаттары өтілді. 1 сынып оқушыларын «Жас қыран», 5 сынып оқушыларын «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау үшін салтанатты жиын өтіліп, оқушылар ұйымға өту анын қабылдады. Тәуелсіздіктің

31 жылдығына орай «Тәңірдің берген ұлы сыйы – Тәуелсіздік!» апталығы өткізілді. Апталық барысында «Менің елім – Тәуелсіз Қазақстан!» қабырға газеттері, 3 және 6 сыныптар арасында «Тәуелсіздікке 31 жыл» тақырыбында зияткерлік сайысы, «Тәуелсіздік ата-бабам аңсаған», «Желтоқсан желі ызғарлы», «Тәуелсіздік туын тіккендер» т.б. тақырыптарда 1-11 сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттары өтілді. Сонымен қатар мектепшілік тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай эстафета ұйымдастырылып, аудан мектептеріне челлендж жолданды. Жаңа жыл мерекесіне орай «Жасыл шырша жанында» атты 1-11 сыныптар арасында жаңа жылдық шырша мерекесі өтілді. «26 қаңтар – Халықаралық интернетсіз бір күн» республикалық балалар акциясы барысында «Мен офлайн» апталығы өтті. Мақсаты: интернетке тәуелділіктің алдын алу, кәмелетке толмағандардың интернет белсенділігін бақылауға қатысты ересек интернет қызметтерді пайдаланушылардың жауапкершілігін, пайдалану мәдениетін арттыру. Апталық барысында «Мен күнімді интернетсіз қалай өткіземін?» тақырыбында 1-4 сыныптарда сурет байқауы, «Мен офлайн» тақырыбында 5-11 сыныптарда эссе байқауы, «Мен күнімді интернетсіз қалай өткіздім?» тақырыбында 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өтті. «Қыз бала – ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында 7-8 сыныптар арасында «Асыл әжелер» мектебінің қатысуымен қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында қыз бала әдебі, ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, қазіргі заман талабына сай қыз баласы қандай болу керек?, мектеп қабырғасындағы ережелер т.б. ауқымды тақырыптар арасында әңгіме өрбіп, пікір алмасылды. «Достық торы» секілді әдістер арқылы қорытынды жасалды. Ауғанстаннан Республикалық Кеңес әскерлерінің шығарылуының 35 жылдығына байланысты «Ерлікке тағзым» апталығы өтті. Апталық барысында «Ауған соғысының жаңғырығы» атты кітап көрмесі, тоғызқұмалақ ойынынан 5-8 сыныптар арасында мектепшілік сайыстар, «Ауғанстан әрі естелік, әрі дерт», «Ауған дауылының қоршауында» ашық тәрбие сағаттары өткізіліп, АӨД пәнінің мұғалімі Т.Үшкөмпіровтың жетекшілігімен аудандық пневматикалық мылтық ағудан турнирге 9-11 сынып оқушылары қатысты. «Ауғанның көкке ұшқан күлдері» тақырыбында Ауған соғысының ардагері Б.Жолдасовпен кездесу кеші өтілді. «Мұқағали мәңгілік ғұмыр» атты іс-шара жоспары жасалып бекітілді. «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» атты апталықтың ашылу салтанатын қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі К.Төлепберген өткізді. Ақын өлеңдерінен мәнерлеп жатқа оқудан жарыс ұйымдастырылып, ақынның апталығы басталғандығы туралы барлық оқушыларға хабарланды. 6 «А» сынып оқушыларының ата-аналарымен бірге «Мұқағали ХХІ ғасыр ақыны» атты ашық есік күні ұйымдастырылып өткізілді. Ұйымдастырушы жетекшісі қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Төлепберген Күлпан. Мұғалімдер арасында Мұқағали өлеңдерін оқудан «Есіңе мені алғайсың» атты поэзия кешін ұйымдастырылды. Өрбір бірлестіктен 2 мұғалімнен қатысып, (1 қара өлең, 1 ақын сөзіне жазылған әні) үздік мұғалімдер марапатталды. «Мұқағали жүрген сара жол » атты 5-6 және 3-4 сынып оқушылары арасында ақын өлеңдерінен жарыс ұйымдастырылып өткізілді. Байқауға белсене қатысқан әрбір оқушыға марапаттармен сыйлықтар берілді. «Мұқағали жүрген сара жол » атты 7-8 сынып оқушылар арасында ақын өлеңдерінен жарыс ұйымдастырылып өткізілді. Байқауға белсене қатысқан әрбір оқушыға марапаттармен сыйлықтар берілді. Осы аталған он күннің ішінде барлық сыныптар мен мұғалімдер, кітапханашылар, сынып жетекшілер ақын М.Мақатаевтың өлеңдерін жатқа оқып, дәліздерде үзіліс кезінде әндері шырқалды. Әдісбірлестіктер арасында, оқушылар арасында бір-біріне ақын өлеңдерінен челлендждер жолданды. «1 наурыз – Алғыс айту күні» және «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай, «Ана – мәңгілік шуақ төккен ғасырларға» атты мектеп мақтаныштарының аналарына арналған мерекелік концертті ұйымдастырылып, аналар директордың алғыс хатымен марапатталды. «Жаңа Қазақстан. Күшіміз бірлікте!» атты аудандық өнер фестивалі өткізілді. Өнер фестиваліне мектебіміздің талантты өнер сүйер оқушылары қатысып 1-орынды иемденіп қайтты. 1-мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай апталық өткізілді. Мектепшілік 1-мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне байланысты іс-шара түзілді. Тәлімгерлердің ұйымдастыруымен мектеп айнасы газеті мен қабырға

газеттері шығарылды. Барлық сыныптарда сынып сағаттары өтіліп, мектеп кітапханасында 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне бұрыш жасалынып кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Елмен дін мұраты – ынтымақ пен бірлік» тақырыбында кездесу сабақтары да өткізілді.

Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай «Ерлік ешқашан ұмытылмайды!» атты апталық өтті. Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай мектеп айнасы газеті шығарылды. Кітапханада Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай арнайы бұрыш жасалынды. Мектеп алаңында салтанатты жиын өтіп, майдангер ағаларымызды еске алып, аудандық саябақтағы ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Мектеп мұражайында тәлімгердің ұйымдастыруымен «Менің атам майдангер» тақырыбында көрме жасалынып, шығармалар байқауы өтті. Барлық оқушыларға өзін-өзі басқару ұйымы «Жеңіс жалауын» тақты. Отбасыларға барыпта «Жеңіс жалаулары» тағылды. Байқауға барлық сыныптар белсене атсалысты. Байқаудың қорытындысы бойынша барлық сыныптар марпатталды.

«Соңғы қоңырау» мерекесіне арналған «Сыңғырла, сырлы қоңырау!» салтанатты жиын өткізілді. Жиынға жалпы 1-11 сынып оқушылары қатыстырылып, биылғы оқу жылындағы үздік бітірген оқушыларымыз марапатталды. Бітіруші түлектерімізге ақ жол тілеп, ән айтылып, би биленді.

2023-2024 оқу жылы қыркүйек айында мектеп оқушыларының әлеуметтік ортасы зерделеніп, мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасалды. Нәтижесінде мектеп-гимназияда ата-ана қамқорлығынсыз қалған – 1 оқушы; жартылай жетім – 46 оқушы; толық емес отбасы-68 оқушы; аз қамтылған отбасы- 85 оқушы; көпбалалы отбасы – 336 оқушы анықталды.

2023ж. тамыз айында атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан 198 оқушыға мектеп формасын және оқу құралдарын алу үшін қаржылық көмек көрсетілді. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған, жартылай жетім, көпбалалы, аз қамтылған отбасынан шыққан 21 оқушыға ҚР №64 қаулысына сай қаржылай көмек көрсетілді. 2022ж. қыркүйек айынан бастап 1%-тік оқу қоры есебінен жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған отбасынан 47 оқушы ыстық тамақпен қамтылды. 2022 ж. қыркүйек айында «Мектепке жол» акциясында 38 оқушыға демеуші есебінен мектеп формасы мен оқу құралдары әперілді. 6-оқушының отбасына 162 000 т. қаржыға демеуші есебінен азық-түлікпен қамтамасыз етілді. 1985 жылғы мектеп түлектерінің демеушілігімен 40 000т. Қаржыға 2 отбасыға азық-түлік жеткізілді. Көбесев Д.Ә. демеушілігімен 75 оқушыны мектеп формасымен қамтамасыз етті. Тұрмыс жағдайы төмен 4 оқушыға 80 000 теңге қаржыға киім және оқу құралдары әперілді. Оқушыларға спорттық форма алуға 50 000 теңге жұмсалды. Мектепке қайнатылған су құятын ыдыс алуға 35 000 теңге жұмсалды; Мектепке кабинет жылытатын құрылғы алуға 54 300 т. жұмсалды; Ерекше білім алатын оқушыларға 20 000 т. қаржыға сыйлық әперілді. Аудан әкімі атынан өткізілген жаңа жылдық әкім шыршасына қатысатын 8-оқушыға 14 000 т. қаржыға мерекелік киім жалға әперілді. Барлығы 173 000 теңге жұмсалды. 2023 жылы сәуір айында мектебіміздің «Қамқоршылық» кеңесінің қолдауымен «Жақсылық жасауға асығайық!» атты акция ұйымдастырылды. 15 отбасыға азық-түлік, 1 оқушыға 15 000 т. мектеп формасы әперілді. Барлығы: 213 295 теңге жұмсалды. Қорыта айтқанда 2023-2024 о.ж. барлығы 344 оқушыға материалдық көмек көрсетілді.

Педагогикалық-психологиялық бағытта 1 сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау мақсатында Керн-Йирасек әдістемесі 131 оқушымен жүргізілді. Екінші сыныптардан «Не артық?» әдістемесі алынды. Қатысқан оқушы: 136. Зерттеудің мақсаты: оқушылардың танымдық қиял, ес, зейін, ойлау қабілеттерін зерттеу. Төртінші сыныптардан «Кілемшені қалай жамауға болады?» әдістемесі алынды. Қатысқан оқушы: 130. Зерттеудің мақсаты: оқушылардың танымдық қабілеттерін (қиял, ес, зейін, ойлау) зерттеу. 5 сынып оқушыларының орта

буынға бейімделуін зерттеу мақсатында сауалнама жүргізіліп, нәтижесі бойынша диагностикалық, түзету-дамыту бағытындағы жұмыстар атқарылды.

11 сынып оқушыларына мамандық таңдау бойынша Климовтың даралап диагностикалау сауалнамасын жүргізді. Ұлттық бірыңғай тестілеудің алдындағы мектеп бітірушілердің мамандық таңдауы, мінезі мен таңдаған мамандығының сәйкес келуіне бағыт-бағдар беру.

Меңлібаев Бекжан Түркістан облысының мәдениет басқармасы «Қазақстан халқы тілдері» күні аясында үш тілді еркін меңгерген әртүрлі сала мамандары арасында өткен «Тіл шебері» байқауынан бас жүлде. Аширбекова Рауан Түркістан облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасы Облыстық «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» тақырыбындағы ғылыми жоба жұмыстарының байқауы III дәрежелі диплом, Оразхан Жасұлан 11-сынып оқушыларының арасында ОҚМПУ-85 жылдығына орай осы ЖОО түлегі математик Нұрғали Исабаев ат аудандық олимпиадада оқушысы жүлделі орын алғаны үшін Алғыс хат, Бердібаева Динара Облыстық пән олимпиадасы биология пәні бойынша II орын, Каипкулова Гулмира аудандық пән олимпиадасы химия пәні бойынша III орын, Құралбаев Берік аудандық пән олимпиадасы математика пәні бойынша номинация, Айдарова Лаззат аудандық пән олимпиадасы орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша номинация, Тулебаева Гаухар аудандық пән олимпиадасы ағылшын тілі пәні бойынша номинация, Қазбекова Гүлжан Республикалық «Абай оқулары» конкурсының Алғыс хатымен, Тоқымырза Бейбіт облыстық «Үздік интербелсенді сабақ- 2023» II Диплом, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясының Алғыс хатымен және Түркістан облысының Білім Басқармасының алғыс хатымен марапатталды.

Үсенов Ерік Жаханұлы 8 сынып Туркия елінің Анталия қаласында ДЗЮ-до күресінен жасөспірімдер арасында өткен Халықаралық турнирдің «Алтын медаль» иегері, Ауезхан Жанель Айболатқызы 11 сынып жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде II орын, «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумының облыстық кезеңінде I орын, Сейдахмет Нұртілеу Бекмұханұлы 10 сынып жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде III орын, Шерали Айкен Назаралықызы 5 сынып «Қазақ қоғамындағы би-шешендер мұрасы» тақырыбындағы аудандық ғылыми жоба байқауы II орын, Налибай Ұлпан Ғалымжанқызы 5 сынып 2-4 сынып оқушыларына арналған республикалық математикалық «Бастау» турнирінің номинация иегері, Абай Әділет Төлегенұлы 3 сынып «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңінен II орын, Пернебай Алинұрбақыт 5 сынып жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен III орын, Оразалы Сымбат 10 сынып облыстық «ДАЛА ДАНЫШПАНДАРЫ» байқауынан III орын.

Біздің мектебімізде 11 оқушы үйде оқып, білім алуда. Оның ішінде 7 оқушы жалпы мектеп бағдарламасымен 4 оқушы көмекші мектеп бағдарламасымен оқытылуда. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың мінез құлқындағы кемшіліктерді түзету, орнына келтіру, дамыту. Педагогика жүйесіндегі балалардың оқыту мен дамытудың маңызды құралдас бөлігі болып табылады.

2024-2025 оқу жылына арналған мақсат, міндеттер:

Мақсаты:

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне қолдау көрсете отырып, инновациялық менеджмент модельдерін енгізу арқылы оқушылардың терең білім мен тәрбие беру ісін одан әрі дамыту және жетілдіру.

Міндеттері:

- 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасын жүзеге асыру;
- Білім беруді ұйымдастыруды, құрылымын, мазмұнын жетілдіру;
- «Оқуға құштар мектеп» жоба аясында жұмыс жүргізу;
- Білім беру сапасын арттыруда мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін, біліктілігін, шеберлігін үнемі жетілдіріп отыру;
- Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарын жүйелі жүргізіп, АКТ арқылы қосымша ресурстарды пайдаланып, пән бойынша ақпаратты табу мен өңдеу біліктілігін қалыптастыру;
- Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің талабына сәйкес мектептегі білім беру жүйесінің бағытын өзгерту;
- Әр баланың қызығушылығына, бейімділігіне, мүмкіншілігіне сай олардың дамуына жағдай жасайтындай оқу жүйесін құру;
- Білімді, шығармашыл, құзырлы және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру және дамыту;
- Оқушыларды әлеуметтендіру, оқушының физикалық, рухани және психикалық денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағымды әсер ететін жағдай құру;
- Дарынды оқушылардың дамуына қолайлы жағдай тудыру, оларды шығармашылық жұмысқа бағыттау;
- Әр оқушының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының оқу нәтижелеріне жету сәйкестігін бақылау мен бағалау мақсатында диагностикалық зерттеулер, мониторингтер жүргізу;
- Жеке тұлғаның рухани дамуына жағдай жасау, оқыту мен тәрбиені тұлғаға бағыттау;
- Бастауыш сыныптан бастап оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын және ғылым негіздерін тереңдете оқытуды ұйымдастыру;
- Стандарттағы құзыреттілік, білім, біліктілік, дағды талаптарын орындату мақсатында мұғалімдерге мектеп әкімшілігі тарапынан әдістемелік көмек ұйымдастыру;
- Бейінді, қолданбалы курстарды сапалы жүргізу мақсатында бейінді, қолданбалы курстар жайлы деректер банкін құру, авторлық бағдарламалар дайындау.
- Тілдің үш тұғырлылығы аясында жұмыстар жүргізу.
- НЗМ дербес білім беру мекемелерімен келісім-шартқа отыру, тәжірибелерін ендіру.
- Оқу жоспарына жаһандық құзіреттіліктер курстарын енгізу;
- Сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- ЭБДЖДҰмен жүзеге асырылатын PISA оқушылардың білім алу жетісктерін бағалау, халықаралық зерттеу бағдарламасын дайындық жұмыстары;
- Дебат – пікірталас, ойталқы технологиясын сабақта пайдалану, жүзеге асыру;
- Ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- Өткен 2023-2024 оқу жылындағы жіберілген олқылықтарды түзету;
- Оқушылардың биік адамгершілік мұраттарға, жоғары мәдениеттілікке және сыйластыққа тәрбиелеу мақсатында «Мәңгілік ел» құндылықтарын насихаттау.

Үйде оқитын оқушылар саны – 11

9 оқушыға ДБК анықтамасы негізінде үйде оқыту ұйымдастырылды. 32 мұғалім сабақ берді. Барлық оқушылардың үлгерімі- қанағаттанарлық.

1. Абдирахим Жақсылық	3- сынып
2. Сапарали Алимур	5- сынып
3. Аралбай Жанерке	5 - сынып
4. Айтбай Ақмерей	6- сынып
5. Ахмет Сержан	6- сынып
6. Расулов Юсуф	8- сынып
7. Тойлыбекұлы Нұрдаулет	9- сынып
8. Исамбай Азамат	10- сынып

Мектеп әкімшілігінің лауазымдық міндеттері:

Мектеп-гимназия директоры Каримов С.К

Лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының қызметін оның жарғысына сәйкес және осы біліктілік сипаттамаларына сәйкес басқарады. Педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесіп мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың іске асырылуын ұйымдастырады. Педагогикалық кеңесті басқарады. Мектепті дамыту бағдарламасын, оқу-тәрбие жұмысының жоспарын, жұмыс оқу жоспарларын мен бағдарламаларын, мектепшілік бақылау жоспарын, тәрбие жұмысының жоспарын, психологиялық қызметтің жұмыс жоспарын және құрамын бекітеді. Білім беру ұйымының ғылыми - әдістемелік және материалдық-техникалық базасын қалыптастырады және жетілдіреді; оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады және жетілдіреді; заманауи ақпараттық технологияларды дамытуды қамтамасыз етеді; қашықтан оқытуды өткізу процесін ұйымдастырады және бақылайды, барлық сыныптар үшін қашықтан оқытудың түзетілген оқу бағдарламасын және сабақ кестесін бекітеді. Педагогикалық ұйымдардың, әдістемелік бірлестіктердің, балалар ұйымдарының қызметіне ықпал етеді. Білім беру қызметінің құқықтану лицензиясына сәйкес оқушылар, тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы тәрбиеленушілердің заңды құқықтары мен мүдделерін (жеке, мүлдіктік, тұрғын үй, еңбек және өзге де) қорғайды, оларға туыстық байланыстарды қолдау үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылдайды; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларды ескере отырып, тәрбиеленушілер мен білім алушыларды ұстау және тұру жағдайларын қамтамасыз етеді; оқу-тәрбие процесі кезінде білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және білім беру ұйымы қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне жағдайлар жасайды; ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру үшін жағдай жасайды; ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланы тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде балалар мен ата-аналарды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

психологиялық қызметтің жұмысын және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді; білім беру ұйымының мүлкі мен қаражатына заңнамада белгіленген тәртіппен иелік етеді, қаржы қаражатының түсімдері мен жұмсалуды туралы жыл сайынғы есепті ұсынады. Қамқоршылық кеңес пен ата-аналар қоғамдастығының алдында ұйымның қызметі туралы, оның ішінде қаржылық және материалдық қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы жыл сайынғы есепті ұсынады.

Нормативтік талаптарға сәйкес есепке алуды, оқу-материалдық базаның сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді, ішкі еңбек тәртібі қағидаларының, санитариялық-гигиеналық режимнің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларының сақталуына жауап береді.

Педагогтер мен қосалқы персоналды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлердің штаттық кестесін және лауазымдық міндеттерін бекітеді, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін жағдай жасайды. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген. Педагогтерді аттестаттау және біліктілік санатын беру (растау) рәсімін ұйымдастырады. Жоғары көрсеткіштері мен жетістіктері бар білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен педагогтерін көтермелеуге ұсынады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті басқарады, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын ескере отырып, өз құзыреті шегінде жаза қолданады. Өз құзыреті шегінде мектептің басқа қызметкерлеріне жаза қолданады. Жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады, ата-аналармен (оларды ауыстыратын тұлғалармен), қамқоршылық кеңеспен жұмысты үйлестіреді. Мемлекеттік және өзге де ұйымдарда білім беру ұйымының атынан өкілдік етеді, есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді. Өзінің кәсіби дамуымен жұмыс істейді, оның ішінде менеджмент саласында. Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді. Білім беру қызметтерінің сапасына жауап береді.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер. педагогика және психология негіздері. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері. Педагогикалық этиканың нормалары. Менеджмент, қаржы-шаруашылық қызмет негіздері. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар; республикалық әскери мектеп-интернаттың, облыстық Кадет мектеп-интернатының бастығы (директоры) Қосымша білуге тиіс: "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

Директордың оқу ісінің орынбасары

Оқу-тәрбие процесін, білім беру ұйымының қызметін ағымдағы жоспарлауды ұйымдастырады; оқу-тәрбие процесінің, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз етудің жай-күйін талдайды; мемлекеттік стандарттың, оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуы, сондай-ақ құжаттаманың әзірленуі бойынша педагогтердің жұмысын үйлестіреді; педагогтердің қысқа мерзімді жоспарларын тексереді; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты шеңберінде білім беру процесінің сапасын және білімді игеру нәтижелерін бағалаудың объективтілігін бақылауды жүзеге асырады; Ағымдағы және қорытынды аттестаттауды өткізуді ұйымдастыру бойынша жұмысты жүзеге асырады; Білім беру процесіне жаңа тәсілдерді, тиімді технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді. Қашықтықтан оқытуды өткізу процесін ұйымдастырады, барлық сыныптар үшін Қашықтықтан оқытудың оқу бағдарламасын және сабақ кестесін түзетеді. Пәндер бойынша мектепшілік бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады, білім бөлімін жүргізеді, мектепшілік бақылау, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша білім сапасын талдайды. Пәндер бойынша білімді тақырыптық бақылауды қамтамасыз етеді; Білім алушылардың оқу жүктемесіне бақылауды жүзеге асырады, оқу сабақтарының, курстардың және оқу жұмыс жоспарының вариативтік компонентінің сабақтарының кестесін жасайды; Білім алушылар мен педагогтердің олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуын ұйымдастырады; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын үйлестіреді; Білім беру ұйымының пәндік әдістемелік бірлестіктері мен эксперименттік жұмысын үйлестіруді жүзеге асырады, ғылыми-әдістемелік және әлеуметтік-психологиялық жұмысты және оны талдауды қамтамасыз етеді; Педагогтердің тиімді тәжірибесін тарату бойынша шараларды жинақтайды және қабылдайды; Тәлімгерлік, біліктілікті арттыру және біліктілік санаттарын беру (растау) жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; Оқу зертханалары мен кабинеттерін қазіргі заманғы жабдықтармен, көрнекі құралдармен және оқытудың техникалық құралдарымен жарақтандыру бойынша жұмысты жоспарлайды және ұсыныс енгізеді, пән мұғалімдерімен бірлесіп баламалы оқулықтарды таңдауды жүзеге асырады, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, оның ішінде электрондық оқулықтар мен цифрлық ресурстарды сатып алуға, әдістемелік кабинеттер мен кітапханаларды оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен толықтыруға өтінім ұйымдастырады; Жыл сайын кітапхана қорын әдебиеттермен толықтыруға өтінім береді; Оқу-тәрбие процесінде пайдаланылатын жабдықтардың, аспаптардың, техникалық және көрнекі құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді; Белгіленген есептік құжаттаманы сапалы және уақтылы жасауды қамтамасыз етеді және кері байланысты ұсына отырып, педагогтердің сабақтарын талдайды; Оқу процесін жетілдіру бойынша әдістемелік сағаттар, оқыту семинарлары, тренингтер өткізеді; Педагогикалық кеңестердің күн тәртібі мен материалдарын дайындайды; Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілер;

Педагогика және психология негіздері;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспарлары, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктері;

Директордың оқу ісінің орынбасары

